

## Қарағанды қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Қарағанды қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 маусымдағы № 56 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 29 маусымда № 6461-09 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешім 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Қарағанды қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қарағанды қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесін салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4%-дан 2%-ға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Төраға*

*А. Букенов*